

**«Аспаптану (эстрадалық аспаптар)» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «02150100 - Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)» мамандығы, 4S02150104 - Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы біліктілігіне арналған «Аспаптану (эстрадалық аспаптар)» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Аспаптану тарихынан жалпы мәліметтер	1	Аспаптану тарихынан жалпы мәліметтер
		2	Джаз оркестрінің анықтамасы. Джаз тарихы Аспаптық құрамдардың түрлері: комбо, диксиленд, джаз-рок тобы, поп-топ
2	Эстрадалық ансамбльдер мен оркестрлердің түрлері мен құрамдары	3	Биг-бэнд
		4	Эстрадалық-симфониялық оркестр
		5	Аспаптану бойынша негізгі терминдер мен анықтамалар, биг-бэнд оркестрлерінің стильдері
3	Эстрадалық-симфониялық оркестрдің, биг-бэндтің, эстрадалық ансамбльдің аспаптары. Музыкалық аспап топтары	6	Ішекті аспаптар
		7	Үрмелі аспаптар
		8	Ритм-секция
		9	Ұрмалы аспаптар
4	Аспаптардың техникалық және тембрлік қасиеттері	10	Тембр және аспаптардың регистрлері. Аспаптардың техникалық ерекшеліктері. Ауқымы
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

**4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Оркестр, ансамбль. Музыкалық аспаптар. Жалпы мәліметтер.** "Эстрадалық ансамбль", "Эстрадалық-симфониялық оркестр", "Биг-бэнд" ұғымдарының анықтамасы. Джаз оркестрлерінің пайда болу тарихы. Джаз оркестрлерінің, ансамбльдерінің алғашқы жетекшілері. Оркестрлердің джаз музыкалық мәдениетінің дамуына әсері. Эстрадалық оркестрлерде, ансамбльдерде қолданылатын аспаптар туралы қысқаша мәліметтер. Жеке музыкалық аспаптардың құрылу тарихы мен даму процесстері. Танымал орындаушылар.

**Эстрадалық ансамбльдер мен оркестрлердің түрлері мен құрамдары.**

Эстрадалық ансамбльдердің, оркестрлердің түрлері мен құрамдары. Ритм секциясы.

Толық және толық емес құрам. Өртүрлі стильдегі ритм секциясының функциясы.

Эстрадалық оркестрлер, ансамбльдер құрамындағы аспаптар. Партитура. Эстрадалық ансамбльдер мен оркестрлердегі аспаптардың топтары мен секцияларының негізгі функциялары.

**Эстрадалық-симфониялық оркестрдің, Биг-бендтің, эстрадалық ансамбльдің аспаптары. Музыкалық аспаптар топтары.** Музыкалық аспаптар топтары. Ішекті ысқыш аспаптардың жалпы қасиеттері. Ішекті шертпелі аспаптардың жалпы қасиеттері. Ағаш үрмелі аспаптардың жалпы қасиеттері. Мыс үрмелі аспаптардың жалпы қасиеттері. Клавишты аспаптардың жалпы қасиеттері. Ұрмалы аспаптардың жалпы қасиеттері.

**Аспаптардың техникалық және тембрлік қасиеттері.**

Жеке аспаптар дыбыстарының тембрлік қасиеттері. Регистр. Аспаптардың ауқымы. Аспаптардың техникалық мүмкіндіктері.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Браславский Д. «Аранжировка для эстрадных ансамблей и оркестров» М., 1974
2. М. Чулаки «Инструменты симфонического оркестра» М., 1972
3. Браславский Д. Основы инструментовки для эстрадного оркестра. М., 1967
4. Веприк А. Очерки по вопросам оркестровых стилей. М., 1979
5. Витачек Ф. Очерки по искусству оркестровки XIX века., М., 1979
6. Гаранян Г. Аранжировка для эстрадных инструментальных и вокально-инструментальных ансамблей. М., 1986
7. Грасеев Э. Инструментовка и инструментоведение. М., 1987
8. Джаз. Рок. Фьюжн. Партитура. А. Козлов. Ю. Маркин. С. Гурбеловшили. О. Сте-пурко. Ю. Чугунов. М., 1991
9. Киселев В. 150 американских джазовых тем. Вып. 1-2.- М., 1994
10. Кузнецов Л. Акустика музыкальных инструментов. М., 1989
11. Музыкальный энциклопедический словарь. М., 1990
12. Саульский Ю. Аранжировка для Биг-бенда. М., 1977
13. Степурко О. Трубоч в джазе. М., 1989
14. Чугунов Ю. Гармония в джазе. М., 1981

15. Чугунов Ю. Эволюция гармонического языка джаза. М., 1997
16. Эстрадные оркестры и ансамбли. Партитура. Сост. Ю. Чугунов. М., 1986
17. Браславский Д. «Аранжировка для эстрадных ансамблей и оркестров» М., 1974
18. Д.Блюм, Краткий курс инструментоведения, Москва, 1947
19. Браславский Д. Основы инструментровки для эстрадного оркестра. М., 1967
20. Веприк А. Очерки по вопросам оркестровых стилей. М., 1979
21. Сэмми Нестико, Полный курс аранжировки
22. Гаранян Г. Аранжировка для эстрадных инструментальных и вокально-инструментальных ансамблей. М., 1986
23. К.Олеников, Аранжировка
24. Д.Л.Коллиер, Становление джаза
25. Г.Бондаренко, Главный ход джаза. Искусство аранжировки, Москва, 2004